

ӘОЖ 342.8(574)

К.А. Адилова

Д.А. Қонаев атындағы көлік және құқық гуманитарлық университеті,
з.ғ.к., конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: g.alibayeva@mail.ru

Сайлау заңнамасын бұзушылық үшін заңды жауаптылық

Мақалада Қазақстан Республикасында сайлау құқықтық қатынастары барысында, сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде анықталатын сайлау заңнамасын бұзушылықтарға түсінік беріле отырып, туындайтын заңды жауаптылық түрлері мен мөлшері қарастырылады. ҚР заңдарына сәйкес сайлау туралы заңнаманы бұзушылық үшін көзделген қылмыстық, әкімшілік және конституциялық құқықтық жауаптылық шараларына сипаттама беріледі және ерекшеліктері талданады.

Түйін сөздер: құқықтық жауаптылық, қылмыстық жауаптылық, қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар.

К.А. Адилова

Юридическая ответственность за нарушения законодательства о выборах

В данной статье рассматриваются правонарушения, выявленные в ходе подготовки и проведения выборов в Республике Казахстан. Дается общая характеристика юридической ответственности и анализируются особенности конституционной ответственности за данные правонарушения.

Ключевые слова: правовая ответственность, уголовная ответственность, общественные объединения, политические партии.

К.А. Adilova

Legal liability for violations of electoral legislation

This article discusses the offenses identified in the preparation and conduct of elections in the Republic of Kazakhstan. The general characteristic of legal liability and analyzes the characteristics of the constitutional responsibility for these offenses.

Key words: legal otvestvennost, criminal responsibility, public associations, political parties.

Соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізуге қатысты, сондай-ақ сайлау туралы заңдардың бұзылуы жөніндегі сайлауды әзірлеу мен өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қарап, оларды бес күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті.

Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының сайлау туралы заңдарды бұзатын шешімдері мен іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасалады. Соттар, прокуратура органдары мен сайлау комиссия-

лары өз жұмысын сайлау процесі кезінде, оның ішінде демалыс күндері және сайлау өтетін күні, шағымдарды қабылдау мен қарауды сайлау туралы конституциялық заңда белгіленген мерзімде қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырады. Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін, егер сайлау туралы конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды. Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымды, егер сайлау туралы конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайды.

Азаматтардың сайлау құқықтарының сақталуының маңызды кепілі сайлау туралы заңның талаптарын бұзған тұлғаларға заңда көзделген жауаптылық шараларының қолданылуы болып табылады.

Сайлау туралы конституциялық заңда азаматтардың сайлау құқығын бұзу қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылықты тудыратыны туралы ғана айтылған. Ал мұндай құқық бұзушылықтардың толық тізімі, сипаты және нақты жауаптылық шаралары Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде қарастырылған.

Заңдарда сайлау туралы заңнаманы бұзушылық үшін қылмыстық, әкімшілік және конституциялық құқықтық жауаптылық шаралары көзделген.

Конституциялық құқықтық жауаптылықтың (яғни, сайлау құқығы бойынша жауаптылықтың) ерекшелігі мұнда жеке тұлғалармен (азаматтармен) бірге ұжымдық субъектілердің де (яғни сайлау комиссияларының, заңды тұлғалардың) жауаптылығы көзделген.

Қылмыстық заң бойынша сайлау туралы заңнаманы бұзушылық үшін тек жеке жауаптылық көзделген.

Сайлау комиссияларының жария конституциялық құқықтық жауаптылығы сайлау туралы конституциялық заңның 10-бабының 7-тармағында қарастырылған, мұнда «сайлау комиссиясының қызметі сайлау комиссиясын құратын органның шешімі бойынша немесе жоғары тұрған сайлау комиссиясы өтінішінің негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін» делінген.

Конституциялық құқықтық жауаптылық, сондай-ақ, кандидаттар мен сайлау процесінің өзге де қатысушылары үшін де қарастырылған. Сайлау туралы конституциялық заңның талаптарына сәйкес, кандидаттың өз кандидатурасын ұсыну бойынша ережелерді бұзуы, тіркеу үшін қажетті құжаттарды өткізбеуі, Конституция мен сайлау туралы Конституциялық заңда көзделген талаптарға сай келмеуі, кандидаттың сайлау алдындағы науқанға лауазымдық не қызмет жағдайын пайдалануы және заңда көзделген өзге де жағдайларда сайлау комиссиясы кандидатты тіркеуден бас тартуы не кандидатты тіркеу туралы шешімін өзгертуі мүмкін.

Сайлау туралы Конституциялық заңның 50-бабының нормаларына сәйкес, тұлға:

1) сайлау туралы конституциялық заңның талаптарына сәйкес мәліметтерді бермеген немесе жарияламаған;

2) сайлау комиссиясының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімін орындамаған;

3) сайлау алдындағы үгітті кандидатты, саяси партия ұсынған партиялық тізімді тіркегенге дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген;

4) сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтірген;

5) кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер таратқан немесе олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасаған;

6) сайлау комиссиясы мүшелерінің құқықтарын бұзған;

7) азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзған;

8) сайлаушылар тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы жалған мәліметтер берген;

9) басқа адамдар үшін дауыс беру мақсатымен азаматтарға сайлау бюллетеньдерін берген;

10) сайлауға қатысу үшін демалыс бермеген;

11) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу талаптарын бұзған;

12) анонимді үгіт материалдарын дайындаған немесе таратқан;

13) үгіт материалдарын қасақана жойған немесе зақымдаған;

14) кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан тыс қаржылық (материалдық) қолдау көрсеткен;

15) кандидатты сайлау үшін шет мемлекеттерден, ұйымдардан, азаматтардан, азаматтығы жоқ адамдардан қайырмалдық алған;

16) сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу жүргізудің талаптарын бұзған;

17) сайлауда кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен байқаушылардың заңды қызметіне кедергі келтірген жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген әкімшілік және өзге де жауаптылыққа тартылады.

Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарын бұзушылық анықталған жағдайда, кандидатты тіркеуден бас тарту не кандидатты тіркеу туралы шешімді өзгертуді қоспағанда, кандидаттарға ескерту жасалады, ал сайлау туралы заңнаманы қайта бұзушылық анықталғанда тиісті сайлау комиссиясы кандидатты, партиялық тізімді тіркеу туралы шешімді жоя алады.

30 қаңтар 2001 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 11-тарауында азаматтардың сайлау құқықтарына қол сұғатын құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық қарастырылған.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің «Азаматтардың сайлау құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар» деп аталатын 11- тарауының 98-110-баптарында азаматтардың төмендегі сайлау құқықтарына қол сұғатын құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық көзделген:

1) лауазымды адамдардың сайлау комиссиясына (референдум комиссиясына) қажетті мәліметтер мен материалдарды табыс етпеуі немесе комиссияның шешімін орындамауы лауазымды адамдардың сайлау комиссиясына (референдум комиссиясына) оның жұмысы үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды табыс етпеуі немесе комиссия өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімді олардың орындамауы айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (98-бап);

2) Қазақстан Республикасының заңдарымен сайлауға (республикалық референдумға) байланысты үгітке тыйым салынған кезеңде оны жүргізу, азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырма бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (99-бап);

3) президенттікке, депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметтерге кандидаттарға, олардың сенім білдірген адамдарына, саяси партияларға олардың сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығын іске асыру процесінде кедергі келтіру азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырма бестен

отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (99-1-бап);

4) кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер тарату немесе сайлаудың нәтижесіне ықпал ету мақсатында олардың абыройы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасау азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға жиырма бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға отыз бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (100-бап);

5) сайлау комиссиясы (референдум комиссиясы) мүшесінің, сайлаудағы кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының және байқаушылардың құқықтарын бұзу, – айлық есептік көрсеткіштің он бестен отыз беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (101-бап);

6) сайлау комиссиясы (референдум комиссиясы) мүшесінің азаматтардың сайлаушылар тізімімен (таңдаушылардың республикалық референдумға қатысу құқығы бар адамдар тізімімен) танысу құқығын бұзуы не сайлаушылар тізіміндегі қателіктер туралы өтінішті заңдарда белгіленген мерзімде қарамауы, не сайлаушылар тізіміне (таңдаушылар, республикалық референдумға қатысуға құқығы бар адамдар тізіміне) түзетулер енгізу туралы өтінішті қабылдамау себептерін баяндай отырып, азаматқа жазбаша түрде жауап қайтарудан бас тартуы, не сайлаушылар тізімін (таңдаушылар, республикалық референдумға қатысуға құқығы бар адамдар тізімін) түзету туралы сот шешімін белгіленген мерзімде орындамауы, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (102-бап).

7) лауазымды адамдардың жергілікті атқарушы органдарға сайлаушылардың тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы дәйектемесіз деректер беруі айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (102-1-бап, 1-т.);

8) жергілікті атқарушы органдар лауазымды адамдарының тиісті сайлау комиссиясына сайлаушылардың дәйектемесіз тізімдерін беруі айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (102-1-бап, 2-т.);

9) тең сайлау құқығы туралы талаптарды екі рет не одан да көп немесе басқа сайлаушы үшін дауыс беру арқылы бұзу айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (102-2-бап);

10) шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың және халықаралық ұйымдардың кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды ұсынуға және сайлауға, сайлауда белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге кедергі болатын және (немесе) ықпал ететін қызметті жүзеге асыруы, жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу арқылы немесе онсыз айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің төрт жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (102-3-бап);

11) азаматтарға басқа адамдар үшін дауыс беруге мүмкіндік жасау мақсатында сайлау бюллетеньдерін (дауыс беруге арналған бюллетеньдерді) сайлау комиссиясы (референдум комиссиясы) мүшесінің беруі, айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (103-бап);

12) жұмыс берушінің депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке тіркелген кандидатқа не сайлау комиссиясының мүшесіне мемлекеттік өкімет, басқару органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына (республикалық референдумға) сайлауды әзірлеу мен өткізуге қатысу үшін заң актілерінде көзделген демалысты беруден бас тартуы, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (104-бап);

13) Бас редактордың, журналистің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясы лауазымды адамының сайлау заңдарында (республикалық референдум туралы заңдарда) көзделген сайлау алдындағы үгіт жүргізу шарттарын бұзуы, азаматтар мен лауазымды адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға отыздан алпыс беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (105-бап);

14) Мемлекеттік өкімет органдарына және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауды (республикалық референдумды) әзірлеу мен өткізу кезеңінде, басып шығарған ұйымдар, шығарылған жері, таралымы туралы және шығарылуына жауапты адамдар туралы ақпараты жоқ үгіттік баспасөз және электрондық материалдарды әзірлеу немесе тарату, айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (106-бап);

15) депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидаттардың меншік иесінің немесе осы объектілердің өзге иесінің келісімімен ғимараттарға, құрылыстарға және өзге де объектілерге ілінген үгіттік материалдарын қасақана жою, бүлдіру айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (107-бап);

16) депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидаттың, сайланған адамның, не саяси партияның сайлау қорларына түскен түсімдердің (қайырмалдықтардың) мөлшері туралы және сайлау қорларын құру көздері туралы мәліметтерді, сондай-ақ сайлау қорының қаражатын пайдалану туралы есепті бермеуі депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидатқа, сайланған адамға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға елу беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (108-бап);

17) кандидаттарға, партиялық тізімдер ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан бөлек қаржылық немесе өзге де материалдық көмек көрсету азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырма беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға отыздан елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (108-1-бап);

18) депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы мемлекеттік қызметке кандидаттың не саяси партияның шет мемлекеттен, халықаралық ұйымнан немесе халықаралық қоғамдық бірлестіктен, шет елдердің мемлекеттік органдарынан, шетелдіктерден және басқа мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлғалардан, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардан кез келген нысанда қайырмалдықтар алуы депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидатқа айлық есептік көрсеткіштің

жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаға, қайырмалдық заттарын тәркілей отырып, елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (109-бап);

19) жеке және заңды тұлғалардың кандидаттарға, саяси партияларға олардың сайлау алдындағы қызметіне байланысты олардың жазбаша келісімінсіз қызмет көрсетуі – азаматтарға – айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (109-1-бап);

20) учаскелік сайлау комиссиясы төрағасының кандидаттың сенім білдірген адамына, бұқаралық ақпарат құралдарының өкіліне, байқаушыға Республиканың заңдарына сәйкес табыс етілуге міндетті дауыс беру қорытындылары туралы мәліметтерді табыс етпеуі айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (110-бап, 1-т.);

- 110-бап, 1-т. көзделген, округтік сайлау комиссиясының төрағасы жасаған әрекет, сондай-ақ оның сайлау (республикалық референдум) нәтижелері туралы мәліметтерді сайлау заңдарында (республикалық референдум туралы заңдарда) белгіленген жариялау мерзімдерін бұзуы не толық жарияламауы айлық есептік көрсеткіштің он бестен жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (110-бап, 2-т.);

- 110-бап, 1-т. көзделген, аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы жасаған әрекет, сондай-ақ оның сайлауда (республикалық референдумда) дауыс беру қорытындылары туралы мәліметтерді сайлау заңдарында (республикалық референдум туралы заңдарда) белгіленген жариялау мерзімдерін бұзуы не толық жарияламауы, айлық есептік көрсеткіштің оннан он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (110-бап, 3-т.);

- 110-бап, 1-3 тт. көзделген, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы жасаған әрекеттер айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (110-бап, 4-т.);

21) 110-1-бап. Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңдарында көзделген қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін, сайлау

нәтижелері болжамдарын, сайлауға байланысты өзге де зерттеулерді жариялау тәртібін бұзу азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (110-1-бап, 1-т.);

22) сайлау күні дауыс беруге арналған үйжайда немесе дауыс беруге арналған пунктке қоғамдық пікірге сұрау салу ісін жүргізу азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға жиырмадан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (110-1-бап, 2-т.).

Сайлау туралы конституциялық заңның 50-бабының 1-тармағына сәйкес, тұлға мынадай жағдайда қылмыстық жауаптылыққа тартылды:

1) сайлау комиссиясының жұмысына араласқан;

2) дауыс беруге кедергі келтірген;

3) кандидатты, партиялық тізімдерді тіркеуге байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген;

4) дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген;

5) кандидатты, саяси партияны сайлау мақсатында өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланған;

6) сайлау құжаттарын қолдан жасаған;

7) дауыстарды көрінеу қате санаған;

8) сайлау нәтижелерін көрінеу қате айқындаған;

9) дауыс беру құпиясын бұзған;

10) Республика азаматының өз сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына зорлық-зомбылық жасау, алдау, қорқыту, сатып алу жолымен кедергі келтірген жағдайда заңмен белгіленген қылмыстық жауаптылықта болады.

Сайлау туралы заңды бұзушылық үшін қылмыстық жауаптылық Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 146 және 147-баптарында қарастырылған.

Қылмыстық кодекстің 146-бабы сайлау құқығын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссиясының жұмысына кедергі келтіруді қылмыстық жазаланатын әрекет деп таниды.

Бұл әрекеттер лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдалану, зорлық-зомбылық жасау, алдау, күш қолдану не-

месе күш қолданамын деп қорқыту, сатып алу жолымен, топтасып жасау, алдын ала сөз байласу, ұйымдасып жасау сияқты іс-әрекеттермен байланысты болуына қарай қылмыстық заң айыппұл мөлшері мен бас бостандығынан айырудың әртүрлі мерзімін қарастырады.

Қылмыстық кодекстің 146-бабы, сонымен қатар электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалған әрекеттер үшін де қылмыстық жауаптылықты қарастырады.

Қылмыстық кодекстің 146-бабының 1-тармағына сәйкес сайлаушының өзінің сайлау құқығын немесе референдумға қатысу құқығын еркін жүзеге асыруына кедергі жасау, сондай-ақ сайлау комиссияларының немесе референдум жүргізу жөніндегі комиссияның жұмысына заңсыз араласу және дауыс беруге, кандидатты, партиялық тізімдерді тіркеуге, дауыстарды санауға және сайлаудағы немесе референдумдағы дауыс беру нәтижелерін анықтауға байланысты міндеттерін атқаруына кедергі жасау елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не жүз жиырмадан жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

Қылмыстық кодекстің 146-бабының 2-тармағына сәйкес дәл сол әрекеттер:

а) пара беріп сатып алумен, алдаумен, күш қолданып не оны қолданамын деп қорқытумен сабақтасса;

б) адам өзінің лауазымын немесе қызмет бабын пайдалана отырып, жасаса;

в) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша немесе ұйымдасқан топпен жасалса;

г) электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалса, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекстің 147-бабы сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстарды қате есептеу үшін қылмыстық жауаптылықты қарастырады.

Қылмыстық кодекстің 147-бабының 1-тармағына сәйкес сайлау құжаттарын немесе референдум құжаттарын бұрмалау, бюллетеньге жалған жазбалар немесе қол қойылған парақтар енгізу, дауыстарды көпе-көрінеу қате есептеу не сайлаудың нәтижелерін немесе референдум қорытындыларын көпе-көрінеу дұрыс айқындамау, не дауыс беру құпиясын бұзу, егер осы әрекеттерді Қазақстан Республикасы Президентіне кандидаттың сенімді өкілі немесе депутаттыққа кандидаттың сенімді өкілі жасаса, сол сияқты сайлау комиссиясының немесе референдум жүргізу жөніндегі комиссияның мүшесі жасаса, екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қылмыстық кодекстің 147-бабының 2-тармағына сәйкес электрондық сайлау жүйесінің жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалған дәл сол әрекеттер жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қорыта келе, төмендегідей тұжырым жасауға болады, яғни сайлау құқықтық қатынастарындағы азаматтардың сайлау құқықтарының сақталуының конституциялық кепілдігі – сайлау туралы заңның талаптарын бұзған тұлғаларға заңда көзделген жауаптылық шараларының қолданылуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының сайлау туралы конституциялық заңына сәйкес азаматтардың сайлау құқығын бұзу қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылықты тудырады, ал мұндай құқық бұзушылықтардың толық тізімі, сипаты және нақты жауаптылық шаралары Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде қарастырылған. Ескере кететін жай, конституциялық құқықтық жауаптылықтың яғни, сайлау құқығы бойынша жауаптылықтың ерекшелігі мұнда жеке тұлғалармен (азаматтармен) бірге ұжымдық субъектілердің де (яғни, сайлау комиссияларының, заңды тұлғалардың) жауаптылығы көзделген.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы: Ресми мәтін. – Алматы, 30.08.1995 ж. (өзгерістер және толықтыруларымен).
- 2 Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. 28.09.1995 ж. (өзгерістер және толықтыруларымен).
- 3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, 16.07.1997 ж. (өзгерістер және толықтыруларымен).
- 4 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі, 30.01.2001 ж. (өзгерістер және толықтыруларымен).

References

- 1 Constitution of the Republic of Kazakhstan was adopted by national referendum 30 August 1995. // IP «Paragraph»
- 2 Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated 28 September 1995 № 2464 «On elections in the Republic of Kazakhstan» // IP «Paragraph»
- 3 The Criminal Code of the Republic of Kazakhstan of July 16, 1997 № 167-I (with alterations and amendments) // IP «Paragraph»
- 4 Code of the Republic of Kazakhstan on Administrative Offences of January 30, 2001 № 155-II (with alterations and amendments) // IP «Paragraph»